



ҚР Ақпарат және қоғамдық  
даму министрлігі



«Педагогикалық Ғылымдар  
Академиясы» ҚБ



CISC  
CIVIL INITIATIVES SUPPORT CENTER

"Азаматтық бастамаларды қолдау  
орталығы" КЕАҚ

**БЕКІТІЛДІ**

Басқарма Төрағасы

«Педагогикалық Ғылымдар Академиясы»

А.Құсайынов

2022 ж.



**Республикалық деңгейдегі  
Эстафета өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы Ереже барлық бағыттағы шығармашылық топтар мен этнобірлестіктер және еліміздің барлық аймақтарында тұратын 16-29 жас аралығындағы жастардың басқа да санаттары арасында қазақ ақындарының шығармашылығынан жыр оқу эстафетасын өткізудің тәртібі мен шарттарын реттейді.

1.2. Эстафетаның мақсаты – азаматтық, патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты тілімізді жастар арасында, әсіресе шығармашылық топтар арасында дәріптеу, жастардың бойында әдебиеті мен мәдениетіне, өнеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін де тіл мен тарих арқылы орнықтыру.

1.3. Эстафета міндеттері:

- жастарды рухани байыту және қазақ әдебиеті туындыларын дәріптеу;
- 16-29 жас аралығындағы жастарды қазақ тілін білуге, дамытуға ынталандыру;
- жастар арасында мемлекеттік тілдің көркемдігін насихаттау;
- әсіресе өнерге бейім жастардың қазақ тілінде ашық, таза сөйлеу әлеуетін қолдау және дамыту;

- Эстафета арқылы жастардың шығармашылық ізденісін арттыруға жәрдемдесу.

- ұлт болып сақталу тіліміздің сақталуымен тікелей байланысты екенін ұмыттырмай, қазақ тілінің көркемдігін ауыз әдебиетін қамтыған квест тапсырмалар арқылы жеткізу.

1.4. Конкурсты ұйымдастырушылар - "Педагогикалық ғылымдар академиясы" ҚБ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша және "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" КЕАҚ

1.5. Осы ереже қатысушылардың эстафета жұмыстарына қойылатын талаптарды, өтінімдерді ұсыну мерзімдерін анықтайды.

1.6. Эстафета жеңімпаздары әлеуметтік желіде рандомды түрде анықталады.

## 2. КОНКУРС ШАРТТАРЫ

2.1. Эстафета ашық түрде өтеді. Оған Қазақстан Республикасының барлық аймақтарынан 16-29 жас аралығындағы шығармашылық топтар мен этнобірлестіктерден жастар қатыса алады.

2.2. Эстафета 2 рет өтеді:

- 1) 2022 жылдың 12-18 қыркүйек аралығында өтеді. Тақырыбы - “Туған тіл”
- 2) 2022 жылдың 22-28 қыркүйек аралығында. Тақырыбы - “Тәуелсіздік-тұғырың”.

2.3 Эстафетаның біріншісіне қазақ ақындарының тіл туралы туындылары негіз болса, екіншісіне туған ел, тәуелсіздік туралы шығармалар алынады.

2.4. Эстафета жеңімпаздары рандом негізінде анықталып, оларға орындар (1 орын, 2 орын, 3 орын) беріледі.

2.5. Жұлделер саны бекітілген -3.

2.6. Эстафетаға 3 қала (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) және 17 облыстан өтініштер қабылданады.

2.7. Эстафета қатысушыларына қойылатын талаптар:

- Эстафетаға қатысу үшін, біздің әлеуметтік желідегі парақшаға тіркеліп қазақ ақындарының туындысын немесе туындысынан үзінді оқып, видео түсіріп, парақшаға жүктеу керек.

2.8 Эстафета нәтижесін Ұйымдастыру комитеті тарапынан бекітілетін комиссия шығарады.

2.9 комиссия төмендегідей критерийлер бойынша бағалайды:

- оқылатын жырдың мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі;
- мәнерлеп оқи алуы;
- жырды жариялау талаптарының орындалуы.

2.10. Эстафета әлеуметтік желілерде 12-18 қыркүйек және 22 қыркүйек -04 қазан аралығында қолжетімді болады (2.2 пунктке сәйкес). 2.10. 2.9. бойынша көрсетілген күннен кейін алынған өтінімдер қаралмайды және Квест–ойынға қатысуға жіберілмейді.

2.11. Эстафетаға байланысты барлық мүмкін болатын даулы мәселелерді ұйымдастырушылар өз бетінше шешуге міндеттенеді.

2.12. Қатысушы Осы Ереже бұзылған немесе Ұйымдастыру комитетіне немесе эстафетаның басқа қатысушыларына дәлелсіз және дөрекі қарым-қатынаста болған жағдайда есепке алынбайды.

2.13. Республикалық эстафета онлайн форматта өтеді.

### 3. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

3.1. Ұйымдастыру комитеті рандом нәтижесі брийанша жеңімпаздарға жүлделерін жеке-жеке хабрласу арқылы, Алматы қаласы, Байтұрсынов 143 мекен-жайы бойынша марапаттайды:

Жүлде қоры:

3 жеңімпазға 30 мың теңгеден 90 мың теңге.

Байланыс ақпараты:

«Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» ҚБ

Тел: +77078307800